

3-СӨЖ

№ 2 тапсырма

Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлемдер
(вопросительные предложения в казахском языке)

Как и во всех других языках, в казахском языке есть два типа вопросительных предложений:

1.Специальный вопрос касается какого-либо конкретного члена предложения. Он образуется при помощи вопросительных слов. Например: Ол кім? «Кто он (она)?», Ол не? «Что это?» Бала қайда отыр? «Где сидит мальчик?»

Обратите внимание, что в русском языке вопросительное слово всегда стоит в начале предложения, а в казахском - в конце предложения или перед глаголом.

2.Общий вопрос касается всего предложения и образуется при помощи вопросительных частиц ма/ме, ба/бе, па/пе, которые пишутся отдельно и стоят в конце предложения. Например: Кітап бар ма? «Есть ли (у тебя) книги?»

Названные выше частицы соответствуют вопросительной частице русского языка ли, которая часто опускается в речи, что вовсе не характерно для казахского языка. Мынау кітап па? «Это книга?» Студент аудитория да отыр ма? «Сидит ли студент в аудитории?»

3.Ответ на общий вопрос может быть утвердительным иә «да» или отрицательным жоқ «нет»: Мынау кітап па? – Жоқ, мынау дәптер. Студент аудиторияда отыр ма? – Иә, ол аудиторияда отыр.

4.Хотя вопросительные частицы пишутся отдельно, они подчиняются правилам гармонии гласных и ассимиляции согласных.

Если слово, стоящее перед частицей, оканчивается на гласный или на **р, й, у, л**, то оно имеет форму **ма** (после твердого слога) или **ме** (после мягкого слога). Например: Ол Сәуле ме? «Это Сауле?» Дәптер бар ма? «Есть ли тетрадь?».

Лексикалық тақырып: Университет – білім ордасы

Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті

Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті профилді инженерлік кадрлар дайындайтын Қазақстандағы ірі оқу орындарының бірі, 1963 жылы ашылған. Бүгінгі күнге дейін ҚМИУ 16 мыңнан астам жоғары кәсіби білімі бар бакалаврларды дайындап шығарды.

ҚМИУ 16 кафедрадан тұратын жоғары оқу орны. Оларды 5 ғылым докторы, профессорлар, ғылым кандидаттары мен доценттер басқарады.

ҚМИУ-да 3700 студент оқиды. Осы 3700 студенттің ішінде 700-ге жуығы мемлекеттік білім грантымен оқиды.

ҚМИУ әлемдік және мемлекеттік стандарттарға сәйкес қазіргі заман құрал жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Қарағанды мемлекеттік индустриялық университетінің ректоры – профессор, техника ғылымдарының докторы, Халықаралық және Ұлттық инженерлік Академиялардың корреспондент - мүшесі Найзабеков Абдрахман Батырбекұлы.

ҚМИУ қарамағында 4 факультет бар, олар: металлургиялық, машина жасау және автоматтандыру, экономика және құрылыс, сырттай оқу.

Университетте қазіргі заман талабына сай кітапхана жұмыс істейді, оның қорына 281 мыңнан астам оқулық, оқу- әдістемелік құрал, қазақ, орыс және шетел тілдеріндегі ғылыми әдебиеттер кіреді.

Университет 16 мамандық бойынша жоғары кәсіби білімді бакалаврлар дайындайды.

Тапсырмалар:

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. ҚМИУ-да неше кафедра бар?
2. ҚМИУ-да қанша студент оқиды?
3. Университетте қанша факультет бар?
4. Университет кітапханасы қандай?
5. Сіз қайда оқисыз?
6. Сіздің университетіңіз қай көшеде орналасқан?
7. Университетіңіздің ректоры кім?
8. Сіз оқитын академия/факультет қалай аталады?
9. Университет неше ғимараттан тұрады?
10. Кітапхана қай ғимаратта орналасқан?

2. Берілген хабарлы сөйлемдерге тиісті сұрақтарды қойыңыз.

-

- Біздің қалада С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты бар.

-

- Мен Инновациялық Еуразия университетінің машина жасау факультетінде оқимын.

-

- Тәуелсіз Қазақстанға өзінің машина жасау саласын дамыту керек, мен осыған өз үлесімді қосамын.

-

- Университетте үш спортзал, бір жаттығу залы бар.

-

- Университетте өте көп спорт секциялары жұмыс істейді: олар баскетбол, волейбол, шаңғышылар секциясы. Біздің студенттеріміз көптеген облыстық, республикалық жарыстардың жүлдегерлері.

-

- Әрине, үлкен кітапханасы бар. Кітапхана қоры өте бай. Қазақ, орыс және шетел тілдерінде ақпарат табуға болады.

3. Лексикалық тест. Сәйкес жауаптарды табыңыз.

жоғары оқу орны коллектив
ғимараттан тұрады дауыт знания
машина жасау высшее учебное заведение
саласын дамыту состоит из зданий
күрделі мамандық развивать отрасль
ұжым достижение
жетістік сложная профессия
білім береді/ оқытады машиностроение

4. Жақшаны ашып, сөйлемді дұрыс құрыңыз.

- Сен қай /учебном заведении/ оқисың?
- Мен қаланың /в самом лучшем университете/ оқимын.
- /Почему/ солай ойлайсың?
- Себебі біздің /в коллективе/ ең білімді ұстаздар /трудятся /, көп ғылым кандидаттары, докторлары жұмыс істейді және ең дарынды студенттер оқиды.
- Жетістіктерің бар ма, /много ли?/
- Сөзсіз, /наши преподаватели/ республикалық сайыстарда жүлделі орындарға ие болады. Жылдың үздік оқытушысы атағын алады.
- Ал студенттер /свои знания/ дәлелдеді ме?
- Біздің университеттің 30 студенті қалалық пән олимпиадасына қатысып, көбі /заняли призовые места/, 20 студент шетел кәсіпкерлерінің грантына ие болды.
- Сенің сөзің бекер емес екен, /поздравляю/. Сен шынында да, жақсы университетте оқисың.

5. ИнЕУ сайты пайдаланып, Инновациялық Еуразия университеті мәтінін құрастырыңыз.